

«Басқұдық жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

«Бекітемін»

Мектеп директорының у.м.а:


 С.А.Искакова

«30» тамыз 2023 жыл

«Келісемін»

ДТІЖ орынбасары

А.Абишева

 2023 жыл

**«Гүлдәурен» қыздар тобымен
2023-2024 оқу жылында өткізілетін жұмыс жоспары**

1. Тарихи тұлғалардан өнеге

«Қыз» – ардақты ана, аяулы жар, ұрпақ жалғастырушы, яғни «қыз» деген ұғымға толассыз сөздер толып жатқаны айдан анық. «Қыз» бала болашақ – ана, инабатты келін, ана-әже. Осы үшеуі арқылы ұрпақ өсіріп, ұлт қатарын көбейтеді. Мұхаммед Пайғамбарымыз (с.ғ.а) қыз баланы қатты қастерлеген мынадай даналық сөзі бар: «Қандай отбасында болмасын, қыз бала дүниеге келсе, сол күннен бастап, сол отбасының тілеуін періштелер үздіксіз тілеп отырады».

Ұлттың бойындағы бар жақсы қасиеттерді – тілін, дінін, әдет-ғұрпын, салт-санасын, дәстүрін баласына, немересіне, немересінен шөбересіне жеткізуші, жалғастырушы, дамытушы әрине, әйел-ана. Сонымен бірге тарихымызда өткен аяулы аруларымыздың бейнесі де үлгі тұтарлық өнеге аларлық болып табылады. Томирис – Түран патшасы Афрасиябтың қызы. Патшайым болып ел басқарған батыр қыз. Бөрте ханым – Шыңғыс ханның әйелі. Гауһар – Қабанбай батырдың жары. Домалақ ана (Нұрила) – Бәйдібек бидің әйелі. Қыз Жібек – мәңгілік махаббат символы, Қалампыр ана – Балуан Шолақтың анасы. Қарашан – Жиренше шешеннің жары. Ұлы Отан соғысында ерлік жасаған казактың ер жүрек қыздары – Мәншүк пен Әлия, Желтоқсан оқиғасының батыл қыздары Ләззат Асанова мен Сәбира Мұқаметжанова.

2. Қыздар ұйымының мүшелерінің бейнесін қалыптастыру

Қазақтың ежелгі салт-дәстүрлеріне жүгінсек қазақ қыздары ешқашан ер-азаматпен бедел таластыруға ұмтылмағаны белгілі. Әріден келе жатқан әдепті берік ұстанған халық қызын ешкімге қорлатқан емес. Қазақ қашанда қызын әлпештен өсіріп, оң жақта отырған қызға аңдап қарап, оның «ақылына көркі сай» болуын қадағалаған. Елімізде «қыз» сөзі және жалпы қыздарға байланысты халықтың ұғымында «қыз бала – елдің көркі, халықтың гүлі, өмір-тіршілігі» дегенді білдіреді. Қазақ халқында қызға берілген анықтама, оларға қойылған талап-тілектер, қызды еркелету, қызды тәрбиелеудің үлкен жолға қойылғанын көрсетеді. Ата-бабамыз қашанда қыз балаға ерекше қашанда қыз балаға ерекше қараған.

Қыз балаларды тәрбиелеудің маңызы оларды қоршаған өмір, түрлі жынысты адамдар арасындағы өзара қатынас барысында, осы қатынастардың нормалары болып табылады. Қыз балалардың мінез-кұлқын тәрбиелеу бойынша жұмыс оларды нәзіктікке баулу, отбасындағы алатын орны, ептілік пен шеберлік қалыптастыру, сондай-ақ қыздардың сұлулық, махаббат, жақсы қарым-қатынастар сияқты ұғымдармен таныстыруға бағытталған. Гигиеналық жағынан қыз балаларға жыныстық жетілу кезеңінде өздерінде болып жатқан физиологиялық және психэмоционалдық өзгерістерді түсіндіріп, жеткізе білу. Бұл қыз балалардың камқорлық, ниет білдіру, жан жылулығы, аяушылық білдіруге тән белгілі бір сезімдерді бастан кешіруіне жағдай жасауға байланысты ұйымдастырылуда. Тек қана рухани тұрғыдан емес қыздарымызды ұлттық киім үлгісін және шаш өруге, тігін тігуге үйрету ескеріледі.

Оқып-үйрену процесінің ерекшелігін және күрделілігін ескере отырып, қыз балалар тәрбиесінің табысты болуына төмендегідей қолайлы жағдайларды жасау барысында жағдайлар ескерілемек:

- Мектептегі жаймашуақ орта;
- Мүғалімдер, сынып жетекшілері тарапынан тәрбиеленуші қыздарға құрмет пен сенім;
- Әрбір оқушы қыз баланың мүдделеріне көңіл қою;
- Айналадағы адамдардың мүдделерін есепке алып, балалардың өзіндік пікірін айтуға қолдау көрсету;
- Мәселелерді шешу барысында тәсілдер табу бойынша жеке мысалдарды өзіндік пікірін айтуға қолдау көрсету.

Мектепте қыз балалардың тәрбиесіне, оларда заман талабына сай әйел идеясын қалыптастыруға және мінез-құлық критерийлерін нақты айқындауға ерекше көңіл аудару қажет.

«Қыздаржұмысы» - бұл өзін-өзі жетілдіруге, жеке тұлғаны дамытуға, салауатты өмір сәтты дағдыларын қалыптастыруға, ұлттық дәстүрлерді зерделеуге бағытталған ортақ мүдделері бар жалпы білім беретін мектептерінің 12-17 жастағы жасөспірім қыздарды біріктіру жолы болып табылады.

«Қыздаржұмысы» қыздар клубы облыстық Ережеге сәйкес әр мектепте құрылады және облыстық іс-шаралар жоспарына сәйкес мектептің іс-шаралар жоспары әзірленеді. Қыздар клубының жетекшісі болып директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, мектеп психологі, әлеуметтік педагог тағайындалуы мүмкін. Әдетте, қазақ отбасында қызға деген көзқарас пен құрмет ерекше. Өздеріне деген ерекше махабатты қыздар өмір бойы сезініп өтеді. Әйел өзінің мінез-құлқын, өмір сәттын, киімін, сыртқы келбетін бақылайды. Әйелдің басты мақсаты-отбасы ошағының ұйытқысы болу. Әйелдердің жаны нәзік, сезімтал, жылулық пен қамқорлыққа аса мұқтаж. Қыздар болашағы жарқын болу үшін жағымды сәттері көбірек болуы тиіс. Кейде қыздарға ата-ананың ыстық ықыласы жетпей жатады. Жасөспірім балалардың өмірінде қарым-қатынастың маңызы зор. Қарым-қатынас арқылы балалар қоғамның және әлеуметтік ортаның әдептілік нормалары мен қағидаларын меңгереді. Клубтың құрудың өзектілігі заманауи қоғамдағы қыздардың теріс қылықтары себеп болды. Жыныстық саладағы аурулардың көбеюі, жоспарланбаған ерте жүктілік, түсік тастау, психобелсенді заттектерді қолдану, қылмыс белсендіктің өсуі байқалады.

өз қызметінде келесі принциптерге сүйенеді: - әр оқушының жас және жеке басының ерекшеліктерін есепке алу;

- мейірімді психологиялық климат;
- іс-шараларды ұйымдастыруға жеке-белсенді көзқарас;
- жұмысты ұйымдастырудың түрлері мен әдістерінің оңтайлы үйлесімі және олардың қызметін тиімді қолдану;
- адамгершілік, ашықтық, қолжетімділік.

6. Қызмет мазмұны

- Клуб өз қызметін тегін ерікті негізде жүзеге асырады.
- Клуб мүшелерінің мүдделерін ескере отырып, Клуб өз қызметінің бағдарламасын өз бетімен әзірлейді.

- Клуб жыл бойы жұмысты ұйымдастырады.
- Сабақтарды өткізу формалары:
- психологиялық тренингтер
 - «» ҚБ өкілдерінің шеберлік сабақтары;
 - топтық пікірталастар;
 - сауалнама;
 - фильмдер мен бейнероликтерді көру және талқылау;
 - «Асыл әжем» клубының мүшелерімен тақырыптық кездесулер және жеке әңгімелесулер; - медицина орталықтарының мамандарымен кездесулер.

Күтілетін нәтижелер

Жасөспірім қыздардың өз денсаулығы мен қоғамдағы мінез-құлқына оң көзқарасы, қарым-қатынас дағдыларын дамыту және өзіне деген сенімділікті нығайту, өзін-өзі жетілдіруге ұмтылу, тұлға ретінде өсу, шығармашылық әлеуетті, ұлттық салт-дәстүрлерді зерттеуге қызығушылықты дамыту, ұлттық мәдениетке, халық тарихына деген сүйіспеншілікке баулу

Бекітемін.

Мектеп директорының у.м.а.:

М.С.

2023-2024 оқу жылына арналған қыздар ұйымының жылдық жоспары.

МАҚСАТЫ:ізетті,инабатты, адамгершіліктің асыл қасиеттерін терең түсіне білетін, қазақ қыздарына тән қасиеттерді,ары таза, сымбатты да сұлу, сыпайы,биязы,өнерлі, болашағы жаркын қыздар тәрбиелеу.

№	Жұмыстың мазмұны	Өтілу түрі	Өтетін мерзімі	Өтілуіне жауапты
1	қыздар ұйымының жылдық жұмыс жоспарын жасау, бекітуге ұсыну	Жоспар	Қыркүйек	
2	«Қызыздарға кеңес»	Жадынама тарату	Қыркүйек	
3	«Қыздарға әсемдік жарасады»	Дөңгелек үстел	Қазан	
4	«Ерте жүктілік және оның жасөспірім қыз балалардың денсаулыққа зияны»	пікірлесу	Қараша	
5	«Қыздарға нәзіктік жарасады»	Дөңгелек үстел	Желтоқсан	
6	«Қыз инабаттылығымен әдемі,әдептілігімен сәнді»	тренинг	Қаңтар	
7	«Қыз тәрбиесі-ұлт тәрбиесі» Танымдық сабақ	пікірлесу	Ақпан	
8	«Жылы жүрек- жақсы тілек»	Тренингтер	Наурыз	
9	«Қыздармен көңілді көңіл күй»\	флешмоб	Сәуір	
10	«Артық болмас білгенің...» Қағазбен,матамен жұмыс	Іскерлік сабағы	Мамыр	

2023-2024 оқу жылына арналған «Ерте жүктіліктің алдын алу» жұмыс жоспары

№	Жұмыстың мазмұны	Отілу түрі	Отетін мерзімі	Отілуіне жауапты
1	«Ерте жастағы неке проблемасы»	Дөңгелек үстел	қыркүйек	
3	«Ерте жастағы жүктілік-болашаққа балта шабу»	Түсінік жұмыстары	қазан	
4	Қыздар клубы жиналысы: 1. Баяндама таныстырылым «Тазалық тәртіп басты талап» 2. Тәртіп туралы қыздарға арналған кеңес Психолог	Жиналыс	қараша	
5	Қыздар клубы жиналысы: 1. «Қыз баланың ерте жастағы жүктілігінің қауіптары мен салдары» баяндама медбике Х.Шамиева 2. Баяндама таныстырылым «Қыз тәрбиесі қоғам тәрбиесі» 3. Қыздарға арналған кеңес	Жиналыс	желтоқсан	
6	«Жасөспірім жастағы жүктілік»	Түсінік жұмысы	қаңтар	
7	«Ерте жүктіліктің ертеңі қандай?»	Дөңгелек үстел	ақпан	
9	«Қыздардың құқықтарын бұзуда жол бермеу»	Түсінік жұмыстары	Наурыз	
10	Ерте жүктіліктің нәтижесі»	Түсінік жұмыстары	Мамыр	

Хаттама №2

2023 жылдың қазан айында Басқұдық ЖОББ мектебінде қыздар жиналысы болып өтті.

Қатысушылар:

Қатысуғатніс:

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

1. Баяндама таныстырылым «Тазалық тәртіп басты талап»
2. Тәртіп туралы қыздарға арналған кеңес Психолог

Ағымдағы жұмыстар:

1. демалыс кезіндегі қауіпсіздік ережелері, құқықбұзышылықтың алдын алу

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша Тәрбие ісі жөніндегі орынбасар «Тазалық тәртіп басты талап» тақырыбындағы слайд баяндамамен таныстырды. Оз баяндамасында өнегілі тәрбиелі қыз бала қандай болу керектігі және қыз өмірдің қызғалдағы, қыздар болашақ ана, бақыт байлық ошағы, адамзаттың өсіп-өркендеп, тәлім тәрбие алатын қасиетті ұясы екендігін түсіндірді. Оқушы қыздардың тәртібі, кәмелет жасына толмаған оқушылар арасындағы құқықбұзышылықтар туралы ескертіп, мысалдар келтіріп түсіндіріп өтті.

2 мәселе бойынша Тәртіп туралы психолог оқушы қыздар арасында, а мектептегі, көшедегі тәртіп сақтау ережелері және қыздар арасындағы ерте жүкті болу, қыз бала болашағына, денсаулығына зиян екендігін, ерте жүктілікте құқықбұзышылыққа жататыны туралы айтып түсінік берді. Қазіргі қоғамдағы қыздар арасындағы жат қылықтар туралы және оқушы қыздар арасында 13-18 жас аралығында ерте жүктілік көп кездесіп жатқандығын, кешкі жақын көшеде сағат 20-00 дан кейін шықпау, және туылған күндерді өткізбеу, қыз бала туыскандар болса да үйіне қонбау керектігі ескертіліп айтылды.

Ағымдағы жұмыстар бойынша

1. ТІЖО қысқы демалыс кезіндегі қауіпсіздік ережелері туралы таныстырып және сағат 20-00 дан кейін көшеге шықпау, жақын көрші ауылдарға жалғыз ата-ананың қадағалауынсыз қыдырып бармау, тау еш қандай мейрам, іс шара ұйымдастырмау, отырыстарды өткізбеу Шешім:
2. ТІЖО «Тазалық тәртіп басты талап» тақырыбындағы баяндамасы, психолог Д.Айнидинованың қыздарға арналған ерте жүктіліктің салдары туралы және тәртіп туралы кеңестері негізге алынсын.
3. ТІЖО демалыс кезінде айтқан қауіпсіздік ережелері негізге алынсын.

Хатшы:



Әкімжан А.

1. демалыс кезіндегі қауіпсіздік ережелері туралы таныстырып және сағат 20-00 дан кейін көшеге шықпау, жақын көрші ауылдарға жалғыз ата-ананың қадағалауынсыз қыдырып бармау, тау еш қандай мейрам, іс шара ұйымдастырмау, отырыстарды өткізбеу Жасөспірім қыздар арасында болып жатқан ерте жүктілік ерте жүктіліктің салдары туралы түсінік беріп өтті.

Шешім:

1. ТІЖО «Қыз болашақ ана » тақырыбындағы баяндамасы , психолог Д.Айнидинованың қыздарға арналған ерте жүктіліктің салдары туралы кеңестері негізге алынсын.
2. ТІЖО демалыс кезінде айтқан қауіпсіздік ережелерін негізге алынсын..

Хатшы:



Әкімжан А.

Хаттама №1
2023жылдың қыркүйек айында Басқұдық ЖОББ мектебінде қыздар
жиналысы болып өтті.

Қатысушылар:

Қатысуға тиіс:

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Жылдық жоспар құру, тағайындау.
2. Қыз болашақ ана
3. Ерте жүктіліктің ертеңі

Тыңдалды:

Ағымдағы мәселелер бойынша Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары таныстырып өтті. 2023-2024 оқу жылында қыздар ұйымының төрайымын сайлау керектігі жөнінде айтып, оған мектептен лайықты оқушыны таңдау керектігін айтып өтті. Жылдық жоспар таныстырылып, жыл ағымында өткізілетін іс шаралармен таныстырылды. Қыз балалардың тәртібі жайлы кеңінен айтылды.

Ағымдағы жұмыстар: Тәрбие ісі жөніндегі орынбасар «Қыз болашақ ана» тақырыбындағы слайд баяндамамен таныстырды. ТІЖО өз баяндамасында өнегілі тәрбиелі қыз бала қандай болу керектігі және қыз өмірдің қызғалдағы, қыздар болашақ ана, бақыт байлық ошағы, адамзаттың өсіп-өркендеп, тәлім тәрбие алатын қасиетті ұясы екендігін түсіндірді. Қыздар тәрбиесі арналған кеңестер берілді. Оқушы қыздардың тәртібі, кемелет жасына толмаған оқушылар арасындағы құқыбұзышылықтар туралы ескертіп, мысалдар келтіріп түсіндіріп өтті. Баяндамаға қосымша қыздарға тәлімгер мұғалімдер қыз болашақта ана болатыны және осы жас кезден бастап әр бір қыз бала өз абыройын ойлау керектігі туралы мысалдар келтіріп айтып түсіндіріп өтті.

Мәселе бойынша «Ерте жүктіліктің ертеңі» тақырыбында психолог оқушы қыздар арасында ерте жүкті болу, қыз бала болашағына, денсаулығына зиян екендігін, ерте жүктілікте құқықбұзышылыққа жататыны туралы айтып слайд көрсетіп кең түрде түсінік берді. Қазіргі қоғамдағы қыздар арасындағы жат қылықтар туралы және оқушы қыздар арасында 13-18 жас аралығында ерте жүктілік көп кездесіп жатқандығын, кешкі жақын көшеде сағат 20-00 дан кейін шықпау, және туылған күндерді өткізбеу, қыз бала туысқандар болса да үйіне қонау керектігі ескертіліп айтылды.

ТІЖО «Қазақстан бірлікпен татулықтың мекені» тақырыбында баяндама оқып бұл баяндаманың мақсаты мен таныстырып өтті. Қазақстанда 130 дан аса ұлт өкілдері тұратыны және ұлттар арасында достық қарыма қатынаста болу керектігі қатаң түрде ескертіліп айтылды. Біз Қазақстан елінің азаматары, өз Отанымызды, жерімізді сүйетінімізді өз әрекеттеріміз арқылы көрсете білу керекпіз. Әр бір Қазақстан азаматы қандай ұлт өкілі болсын Қазақстан рәміздерін құрметтеуге, жерін сүйуге, әр бір адамды қадірлеуге міндетті екендігі туралы түсінік беріп өтті.

Ағымдағы жұмыстар бойынша

Ағымдағы жұмыстар бойынша

Оқушы қыздардың мектеп формасы, тазалығы, мектепкекешігіп келутуралы
ТІЖО айтып кейбір қыздарға ескерту беріп өтті.

ШЕШІМ.

1. Медбике баяндамасы негізге алынсын.
2. ТІЖО қыз тәрбиесі қоғам тәрбиесі баяндамасы және көрсетілген бейнебаяны негізге алынсын
3. Психолог кеңестері негізге алынсын, әр кезде қандай жағдай да болсын оқушы қыздар психологпен және тәрбие ісі жөніндегі орынбасар,сынып жетекшілерімен байланыста болсын.
4. Күнделікте мектеп формасымен келуін қадағалау сынып жетекшісіне жүктелсін.

Хатшы:



Әкімжан А.

Хаттама №3

2023 жылдың қараша айында Басқұдық ЖОББ мектебінде қыздар жиналысы болып өтті.

Қатысушылар:

Қатысуғатніс:

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

1. «Қыз баланың ерте жастағы жүктілігінің қауіптары мен салдары» баяндама медбике Манапова А.
2. Баяндама таныстырылым «Қыз тәрбиесі қоғам тәрбиесі»
3. Қыздарға арналған кеңес

Ағымдағы жұмыстар:

1. Көп сабақтастайтын, сабаққа кешігіп келетін оқушылар және мектеп формасы, тазалық туралы

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша медбике

«Қыз баланың ерте жастағы жүктілігінің қауіптары мен салдары»

тақырыбында баяндама слайдпен таныстырды.

қыздардың гигиеналық тазалығы, ерте жүктіліктің ертеңі және қыз бала өміріне кері әсері туралы түсіндіріп өтті.

қосымша ТДЖО ерте жүктіліктің қауіптары мен салдары туралы бейнеролік көрсетіп, слайдпен таныстырып өтті.

2 мәселе бойынша тәрбиесі жөніндегі орынбасар «Қыз тәрбиесі қоғам тәрбиесі» туралы қоғамда қыз тәрбиесіне өте көңіл бөлінетіні туралы өз баяндамасында кең түрде таныстырып өтті.

Әрбір баланың өмір жолы, тәрбиесі отбасынан одаң соң мектеп қабырғасынан бастау алатыны, қыз бала үйден шыққанда тап-

таза киініп, шашын тарап, әсем күлкісімен айналаған ұрын шашып жүрумен қатар сабағында жақсы оқу керектігі айтты.

Оқушы қыз бала мектеп ережелерін сақтап, мектеп формасын, шаштарын дұрыстап, өріп бантікпен келу керектігі ескертілді.

Қыз тәрбиесі және қыздар арасында кездесін қателіктер туралы бейне материал көрсетілді.

2 мәселе бойынша қыздарға арналған кеңестер айтып, сауалнама жүргізді.

Оқушы қыздардың пікірлері тыңдалды,

атап айтқандасын оқушысы өз ойы пікірлерімен бөлісті.

Баяндамаға қосымша қыздар арасындағы келіспеушіліктерді шешу жолдары туралы жәңбесынып жетекшісі қыз тәрбиесі, қыздарға лайықты қылықтар туралы өз ойы айттып бөлісті.

Аналарға кеңес

Қыз бала – ұлттың ұяты,

Халықтың шырайы.

1. Қызыңыз сізге 13 жастан бастап барлық сырын бөлісе алатындай құрбы болыңыз.
2. Қызыңыздың алғашқы етеккірі келген сәттен бастап ашық түрде әңгімелесіңіз.
3. Өтпелі кезеңде қызыңыздың мінез-құлқына және жүріс-тұрысына көңіл бөліңіз.
4. Қызыңыз сән қуып, тар киімдер яғни корсет, белдік, тар төсқап тағуға жол бермеңіз.
5. Жыныстық қатынас арқылы берілетін инфекциялық аурулардың түрлерін, олардың қалай жұғатынын және оның зиянды жақтарын түсіндіріп отырыңыз.
6. Қызыңыз мектеп жасынан жүкті болып қалмау жағдайын түсіндіріңіз.
7. Жыныстық жолдар арқылы берілетін аурулардан сақтанудың жолы тұрмысқа шыққанша жыныстық қатынасқа бармау керектігін ұғындырып отырыңыз.
8. Қызыңызды ішімдік, темекі сияқты зиянды әрекеттерден аулақ болып, салауатты өмір салтын ұстануға үйретіңіз.

«Қыз» ең қасиетті сөз.

Қасиетті болатыны бүкіл адамзат қыздан тарайды. Қыз келін болады, келін анаға айналады, ал ана әже деген зор дәрежеге жетеді. Осы үшеуі арқылы ұрпақ өсіп, ұлт қатарын көбейтеді.

Қыздар тәрбиесіне арналған жаднама

1. «Қызым үйде – кылығы түзде» дегізбей анаңа бар сырынды жасырмай айтып, сырынмен бөлісуді әдетке айналдыр.
2. Бос уақытыңды тиімді пайдалануды үйрен кітап оқып, түрлі үйірмелерге катыс.
3. Жеке бас гигиенасын яғни іш-киімдеріңді үнемі таза ұстауды естен шығарма.
4. Жігітпен жүрмес бұрын, оның қандай адас екеніне қатты көңіл бөл, яғни сенуге болатын адам екеніне көз жеткіз.
5. Бой жеттім маған бәрі болады деп, Батыс елінің мәдениетіне еліктеп өзінді жоғалтып алудан сақтап.
6. Өзінді қарапайым қазақ қызы екеніңді ұмытпа, өйткені ата-анаң, бауырларың, өзің оқыған алтын ұя мектебің барлығы өзіңе үлкен үміт артып отыр деген пікір қалыптастыр.
7. Күйеуге шықпай тұрып, жүкті болудан сақтан, өйткені жігіттің ештеңесі кетпейді, зардар шегетін өзің ғана және ата-анаң елге қараудан қалатынын ойлан.
8. Жыныстық қатынасқа ерте түсу түрлі жұқпалы аурулардың жұғуы, әсіресе жазылмас дерт СПИД-ке шалдығудың көзі екенін жадыңнан шығарма.
9. Аборт жасату, я болмаса жүктілікке қарсы құралдарды пайдалану, бұрын балалы болмаған қыздарға қаншалықты зиян екенін ұғын.
10. Отан отбасынан басталады десек, сол әрбір кіші отанның ұйытқысы, берекесі әйел адам. Ұлттың адаспай ұлт болып қалуы, қоғамның ырғақты дамуы, мемлекеттің өркендеуі – соңында келіп әйелге, келешек Ана болар қыздардың қалай тәрбиелетініне байланысты болмақ.
11. Әрқашан еркін сөйлеп, ойын ашық айтатын ешкіммен ешуақытта да әйелдік болмысыңды жоғалтпайтын қазақтың қызы болып қалуға өзінді тәрбиеле.
12. Қымбатты ЖАС ДОС осы айтылған жаднамалардың сәлде болса көмегі тиіп, мағынасына терең үңіліп, түсінеді деген сенімдеміз.